

'everyone', 'wife', 'woman', 'mother', 'husband', 'daughter-in-law', 'in relation to the son's wife', 'blood', 'great-grandmother', 'relatives', 'father-in-law', 'own', 'daughter-in-law', 'old', 'senior', 'son', 'mistress'. Two motivating signs: 'flare' and 'sparkle' were not preserved in the structure of the studied concept – they were found neither in the dictionaries of this period nor in the language material from the Russian National Corpus.

Key words: concept, concept structure, conceptual signs, linguaculture, conceptology, language picture of world.

Received: 08.02.2022

FTAXP 14.25

Г.Ш. Шахманова

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000 Қазақстан Республикасы

КОНЦЕПТ – КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКАНЫҢ НЕГІЗГІ БІРЛІГІ

Бұл мақалада концепт ұғымы және оның тіл біліміндегі рөлі, қазақ тіліндегі және жалпы тіл біліміндегі еңбектерде ғалымдардың концептілік ұғымдарға әр түрлі талдау жасауы жайында беріліп, қазіргі концепт түрлеріне байланысты тіл мамандарының жаңа классификациясына шолу жасалады. Когнитивтік тіл білімінің негізгі категорияларының бірі саналатын концепт ұғымы қазіргі қазақ тіл ғылымында тереңінен зерттеліп, тіпті лингвистика саласында жаңаша мазмұнға ие болды.

Концепт – лингвистикалық категория. Бірақ басқа лингвистикалық терминдермен балама қолдануға келмейді. Концепт когнитивтік тіл білімінің басты термині ретінде қарала бастағаннан-ақ мағына мен ұғым, лингвомәдени бірлік терминдерімен ауыстыра қолдану жағдайы кездесе бастады. Зерттеушілер ең алдымен осы ұғымдардың ара-жігін ажыратып көрсеткенді жөн көреді. Концепт ұғымы қазіргі тіл білімінде XX ғасырдан бастап белсенді қызмет атқара бастады. Концепт – идея, оның ішінде абстракты, нағыз-ассоциативті және эмоционалды-бағалы белгілер болып табылады.

Кілт сөздер: концепт, когнитивтік лингвистика, когнитивтік сипат, зерттелу, концептуалды негіздер, антропологиялық белгілер.

КІРІСПЕ

Қазақ тіл білімінде соңғы жылдары дамып келе жатқан когнитивтік теориялар тұрғысынан концепт ұғымының ғылымда тіл арқылы тану туралы ұстаныммен байланысы, адам рухына қатыстылығы жағынан оның түрлі болмысын, ұлттық ерекшеліктерін салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын зерттеу қажеттілігі туындап отырғаны белгілі.

Когнитивтік құрлымның негізгі элементтерінің бірі – концепт. Когнитивтік лингвистика тілдік таңба арқылы тілдегі кодталған ақпараттарды ашу әрекетін іске асырса, концептілер тілдік сананың вербалданған бірліктері, этникалық дүниетаным ретінде қызмет атқарады.

«Концептілерді когнитивтік аспектіде зерттеу маңызды болып табылады, өйткені тілді, тілдік фактілерді танымдық тұрғыдан зерттеу тілдің адаммен, оның интелектімен және ақыл-ойымен, барлық ойлау және когнитивтік үдерістерімен, олардың негізін құрайтын механизмдер мен құрылымдардың қарым-қатынасының перспективасын көрсетеді», – деп тұжырымдайды ғалым Е.С.Кубрякова [1, 3].

Концепт табиғатын түсіну үшін жасалған әрекеттердің қай-қайсысы да бір-бірінен шектес бірқатар ұғымдар мен терминдердің бар екенін аңғартады. Концепт ең алдымен ұғым мен мағынадан тұрады. Бірақ «концепт», «ұғым» терминдерінің негізі бір болғанмен, мәні

мен маңызы бір емес. Ұғым – объектінің танылған маңызды белгілерінің жиынтық бейнесі болса, концепт – этностық ерекшеліктерімен байланысты менталдық құрылым, ол мазмұны жағынан белгілі объект жайындағы білімнің жиынтығы, ал көрінімі жағынан барлық тілдік құралдардың жиынтығы болып саналады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Концепт» терминін (лат. *conceptus*) XII ғасырдың өзінде философ-схоласт Пьер Абеляр ұсынды деп есептеледі. Абелярдің пікірінше, концептінің көмегімен ұғымдарды жинап, кез келген нәрсе жайлы нақты түсінік алуға болады, демек, концептінің көмегімен әлемді танып, әрі сөз бен ойлауда танылғанды бекітуге болады. Сол себепті әлі күнге дейін концепт жайлы ең алдымен ауқымды түсінік адам әлемді танитындығымен тікелей және тығыз байланыстырылады.

Концепт ұғымы мен терминінің танымалдылығы XX ғасырдан бастау алды. Қазіргі лингвистикада «концепт» термині көптеген пікірталастың өзегіне айналғаны, осыған байланысты бірнеше ғылыми бағыттар қалыптасқаны белгілі. Сондықтан концептіні зерделеу мен айқындауға байланысты әртүрлі көзқарас қалыптасқан және берілген анықтамалар да алуан түрлі.

Ғалым А.Исламның пікірінше, концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым [2, 15].

Демек, концептінің басты белгілерінің бірі – оның мәдени реңкінің болуы. Сондықтан ол ұлттық ерекше дүниетанымды түсінуде басты компонент болып саналады. Концепт тілдік термин ретінде әртүрлі аспектіде зерттеледі.

Мысалы, ғалым А.Б.Әмірбекова концептілерді былай топтастырады:

1. Лингвомәдени танымдық аспектіде концепт ақиқат дүниенің санадағы мәдени, рухани, этикалық, әлеуметтік танымын айқындайтын бірлік ретінде танылады (Н.Д. Арутюнова, А.М.Мороховский, Д.С.Лихачев).

2. Психоллингвистикалық аспектіде концепт – ақиқат дүние туралы психикалық қабілеттер (қабылдау, жадыда сақтау, көру, есту, ұғыну, сезу) арқылы қабылданған алғашқы ментальді түсініктер (Р.И. Павиленис, Дж. Келли, Дж. Каган).

3. Лингвокогнитивтік аспектіде концепт – ақиқат дүниенің санада жан-жақты жинақталып, тұжырымдалған ақпараттары мен когнитивтік семантикасы арқылы танылған көрініс.

Зерттеуші А.Әмірбекова поэтикалық мәтіндерде автордың концептісін таныту және қолдану шеберлігіне қарай және концептілер санада танылу деңгейіне, ақиқат дүниенің болмысы мен өзіндік ерекшелігіне қарай *метафизикалық, ұлттық-мәдени, эмоционалды концептілер* деп үшке бөліп қарастырады.

Ұлттық-мәдени концептілер – тек ұлттық танымда ғана жан-жақты ақпаратымен жүйеленіп, сол ұлттың мәдени құндылығын көрсететін концептілер.

Эмоционалды концептілер – ақиқат дүниелер адам санасындағы эмоционалды, аффектілі көңіл-күй арқылы, ішкі сезім арқылы танылатын концептілер.

Метафизикалық концептілер – ақиқат немесе бейақиқат дүниедегі абстракцияның, жоғары дәрежедегі құндылықтарын танытатын ментальді мазмұн [3].

Ғалым концептілердің әртүрлі ассоциативтік түсінікте танылу деңгейіне қарай *контраст концептілер және калейдоскоптық* концептілер деп те топтастырады.

Контраст концептілер – бірінсіз бірі болмайтын, бірін екіншісі толықтырып отыратын немесе бірінен кейін бірі жүретін, тіпті бір-біріне қарама-қарсы тұратын ақиқат дүниелердің жұптасып қана танылуы.

Калейдоскоптылық концептілер – бір ғана ақиқат дүниенің санада әр алуан концептілік құрылымдарға салынып бірнеше концепт типтерінде көрініс табуы.

Тұлға не ұжымның концептіні тілдік таңбалармен объективтендіру шеберлігіне қарай эстетикалық-көркем танымда объективтенген концептілер және логикалық-позитивті танымда объективтенген концептілер – деп шартты түрде бөліп қарастырады [3].

Ал концептілердің санада бейнелену деңгейіне қарай бөлінісін:

Фрейм – қарапайым форма

Скрипт – күрделі форма

Схема – сызбалы форма

Сценарий – оқиғалы форма

Ойбейне – бейнелі форма

Стереотип – ментальді тілдік форма

Гештальт – іс-әрекеттік форма

Прототип – нақты форма [3, 22] – деп көрсетеді.

Ш. Елемесова «концепт» термині түсінігін үш топқа бөліп жүйелейді:

- Концепт ұғымға синоним ретінде қолданылады;

- Концепт – тіл иесі халықтың жеке тұлғаның (индивидуалдық) және ұжымдық санасындағы ұғымдардың орнын алмастырушы;

- Концепт салт-дәстүр, ауыз әдебиеті үлгілері, дін мен идеология, адамның өмірлік жеке тәжірибесі мен мәдени маңызды құндылықтар жүйесінің өзара әрекетінің нәтижесінде қалыптасатын «әлем бейнесінің» ментальді құрылымын көрсетеді [4, 94].

Зерттеуші Ж.Саткенованың еңбегінде танымдық лингвистикадағы когнитивтік жүйенің концептуалдық құрылысы бала танымы үшін «әлемнің бейнесі» ретінде қарастырылып, концептуалдық құрылым, яғни, когнитивтік жүйе бөлшектері мен когнитивтік ойдың формасы төмендегіше сарапталады:

- Ойбейне
- Прототип
- Сценарий
- Фрейм
- Концептуалды метафора
- Стереотип
- Гештальт

А.Л.Бабушкин концептілерді *концепт-схемалар, концепт-гиперонимдер, концепт-фреймдер, концепт-сценарийлер, концепт-инсайттар, концепт-калейдоскоп* деп жіктейді [5, 30].

Зерттеуші Е.А.Огнева өз зерттеулерінде концептінің иерархиясын жоғарыдан төменге қарай қарастырғанда: *ұлттық концепт – жеке-авторлық концепт – көркем-мәдени концепт* қалыптасады деп анықтап, концептілердің тілде көрініс табуына байланысты үшке бөліп қарастырады:

- угавающие концепты – исчезающие из обхода концепты, например, «кротость»;
- появляющиеся концепты – формирующиеся концепты, например «виртуальность»;
- актуальные концепты – стабильно употребляемый обществом концепт [6].

Қазіргі тіл білімінде концепт мәселесі тереңінен зерттелініп, оның жаңа ғылыми бағыттары қалыптасуда. Когнитивист ғалымдар тарапынан концептілерді жіктеудің әртүрлі классификациялары да бар. Мәселен, филология ғылымдарының докторы, профессор М.В. Пименова концептілік жүйені зерттей келе, концептілердің авторлық-үшмүшелік классификациясын ұсынады:

I. Базалық концептілер. Концептілердің бұл түріне ғалым, адамзатты қоршаған объективтік шындық ретінде әлем бейнесін көрсететін концептілерді жатқызады. Олардың ішінде: 1) Ғарыштық концептілер (космические концепты);

2) Әлеуметтік концептілер (социальные концепты);

3) Психикалық концептілер (психические концепты).

II. Дескриптор концептілер. Базалық концептілердің квалификацияна (біліктілігі) байланысты қойылатын дескрипторлар, олардың ішінде:

1) Өлшемді білдіретін деменсиалды концептілер (мөлшер, көлем, тереңдік, биіктік, салмақ және т. б.);

2) Сапаны білдіретін квалитативті концептілер (жылу-суық, қаттылық-жұмсақтық);

3) Саны мен мөлшерін білдіретін квантитативті концептілер (біреу, көп, аз, жеткілікті-жеткіліксіз).

III. Концепт-релятивтер. 1) Бағалаушы концептілер (жақсы-жаман, дұрыс-қате, пайдалы-зиян) 2) Позициялық концептілер (қарсы, арасы, алда-артта, жоғары -төмен, алыс-жақын, заманауи-ескі) 3) Приватив концептілер (алу-қайтару, тауып алу-жоғалту, өзіндік-бөтен) [7]

Ғалым М.В.Пименова ғарыштық концептілерді (аспан, жер, планета, күн, жұлдыз, ай, комета) іштей былайша жіктейді:

а) *метеорологиялық концептілер* (ауа-райы, жауын-шашын, бұлт, найзағай, жаңбыр, күн күркіреуі, қар);

б) *биологиялық концептілер* (адам, құс, аң, жәндік, жылан, балық, өсімдік, гүл, ағаш, бұта, шөп, жидек, жемістер, көкөністер) және мағыналары қарама-қайшы оппозициялық концептілер деп «тірі-өлі», «жасанды-табиғи» және т.б. концептілерді көрсетеді.

в) *ландшафттық концептілер* (өріс, орман, шалғын, тоғай, тау, бор, Тайга, дала, тау, төбе, көл, теңіз, өзен, мұхит, жол);

г) *артефактілік ұғымдарды қоса алғанда заттық концептілер* (құрылыс, зауыт, фабрика, конвейер, механизм, құрал, ыдыс-аяқ).

Қазақ тілінің когнитивтік кеңістігінде «ғарыштық» концептілер жеке зерттелмесе де, сөз тіркестері, фразеологизмдер, топонимдер, антропонимдер, космонимдер секілді әр түрлі тілдік бірліктер арқылы қолданысымызда көрініс табады. Сондай-ақ қазақ тіл білімінде макроконцептілерді құрайтын оппозициялық- бинарлы микроконцептілер де бар. Мәселен, тіл маманы Ж.Т.Қошанова қазақ тіліндегі «Байлық – кедейлік» концептілерінің оппозициялық сипатын ашып, концептуалдық қызметін анықтайды. Ғалым талдау барысында алдымен, «байлық – кедейлік» қарама-қарсылық концептісіне жататын ақпараттық тілдік бірліктерінің өзіндік ерекшеліктерін анықтайды. Түркі тілдерімен салыстыра отырып, «байлық-кедейлік» оппозициялық концептісін жасайтын ақпараттық атаулардың жұптық немесе бинарлық сипатына талдау жасайды. Оған: «бар – жоқ», «бай – жарлы», «бай – сорлы», «бай – қоңсы», «бай – пақыр», «дәулетті – дәулетсіз» сынды жұптық сипаттағы оппозициялық бірліктерді жатқызады. Талдау соңында ғалым «байлық – кедейлік» оппозициялық концептісінің айналасында пайда болған 1500-ден астам атаудың кумулятивтік қызметін талдап сипаттайды[8].

Қазақ тіліндегі оппозициялық концептілерді талдауға арналған тағы бір ғылыми зерттеулердің бірі – Ж.Жампейісованың «Ақ – Қара» концептісі: оппозициясы мен қызметі» деп аталатын еңбегі. Зерттеу жұмысының мақсаты – «ақ-қара» тілдік бірліктерінде жалпыланған білімнің когнитивтік сипатын оппозиция негізінде түсіндіру, концептуалдық мазмұнын айқындау, олардың тілдегі қызметін саралау. Зерттеуші мәселеге қарама-қарсылық ұғымдардың бір-бірінен ажырамас бірлікте болатындығы философияда қарама-қарсылықтың бірлігі болатындығы тұрғысынан қарайды [9].

Келесі әлеуметтік концептілер класын ғалым М.В.Пименова төмендегідей жіктеп көрсетеді:

а) *ел концептісі* (Ресей, Германия, Франция, Қытай, ел, қоғам, мемлекет), б) әлеуметтік мәртебе концептісі (элита, ақсүйек, шаруа, жұмысшы, батыр, билеуші, көшбасшы, князь, патша, император, бас хатшы, зиялы, құл);

в) *ұлт концептілері* (орыс, неміс, қытай, американдық, француз);

г) *билік және басқару концептілері* (демократия, диктатура, бостандық, ерік, анархия);

д) *тұлғаарлық қарым-қатынас концептілері* (ықпал, тәуелсіздік, құлдық, бағыну, билік, туыстық; бейбітшілік, соғыс);

е) *моральдық (этикалық) концептілері* (Ар-намыс, парыз, міндет, ар-ождан, ұят, өкіну, өзімшілдік, жағымсыздық, жалғандық, сатқындық, адалдық);

ж) *кәсіп концептілері* (еңбек, қолөнер, жалқаулық, ойын,білім, мереке, іс);

з) *діни концептілер* (Құдай, Құдай ана, қасиетті, Мәсіх, пайғамбар).

Базалық концептілердің үшінші түрі психикалық (рухани) концептілер класына адамның ішкі дүниесін құрайтын концептілерді жатқызады:

а) *мінез концептілері* (құмарлық, тәртіпсіздік, шыдамдылық, мейірімділік, жомарттық, мақтаныш, дәрекілік, сенімділік, арманшылдық);

б) *эмоциялық концептілер* (көңілді, қорқыныш, бақыт, ашу, қайғы, қуаныш, азап, қызғаныш, аңсау, алаңдаушылық);

в) *психикалық концептілер* (білім, ақыл, ой, түсіну, есте сақтау, бейнелеу, ақыл, ақыл, қиял, шабыт, сана).

Жоғарыда көрсетілген классификация бойынша, әсіресе базалық концептілерді зерттеу мәселесі бүгінгі күні қазақ тіл білімінде де ғалымдар, жас тілшілер тарапынан зерделеніп келеді. Мысалы, әлеуметтік концептілері класына, Р.Амренованың «Қазақ дүниетанымындағы «Тағдыр» концептісі», Д.С.Рыспаеваның «Ассоциативный эксперимент: национально-культурное варьирование концепта Достоинство», А.С. Кушкимбаеваның «М.Әуезов драмаларындағы «Ер» концептісінің номинативті өрісі», Г.Т. Карипжанованың «М.Ж. Көпейұлы шығармаларындағы «тағдыр» концептісі» сынды және т.б. ғылыми мақалаларын жатқызуға болады.

Психикалық концептілер класына Исмагулова А.Е., Қайрат Г. «Лингвистикалық парадигмадағы «Қорқыныш» эмоционалды концепт ұғымы», Е.Е. Түйтенің «Күлкі» концептісі, Л.Б. Елеуованың ««Аманат» макро концептісінің «Сенім» мағынасындағы қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі интерпретациясы» сынды мақалаларды жатқызуға болады.

Қорыта айтқанда, когнитивтік тіл білімінің негізгі өзегі – санадағы дүниенің бейнесі, оның тірегі – концептілік құрылым. Дүниенің бейнесі – жан-жақты ақпарат, бұл ақпараттарды біріктіретін орта – концептілік жүйе. Сондықтан тілдің жаңа когнитивтік бағыттары тілдегі ұғымды кешенді таныту мәселесін қарастырады.

Н.Д.Арутюнова әлемнің идеалданған моделіне «бар дүниені де, адамның мақсатын да, оның қабылдайтын дүниесін де, оның қажет ететін дүниесін де, оның жасайтынын да, оның іс-әрекетін де, ең бастысы, адамның өзін толық соған жатқызады» [10, 59].

Демек, әлемнің тілдік бейнесі құрамында және әлемнің идеялданған моделіне заңды түрде антропоцентризм орын алған, өйткені концепт әлемнің тілдік бейнесі құрылымының базалық негізі болып табылады. Лингвоментальді бірліктер болып табылатын концептілерді когнитивтік тұрғыдан қарастыру тілдің, сана мен мәдениеттің тереңде жатқан байланысын толық ашып зерделеуге мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келгенде, ұлттық дүниетаным тілдің терең құрылымдарынан, оның бай сөздік қорынан, көпқабатты, көп қатпарлы лексикасынан көрініс табуы заңды құбылыс. Концепт – бұл әлем туралы беретін концептуалды жүйенің тілдік бірлігі.

Концепт – ұлттық ерекше дүниетанымды түсінуде басты компонент болып саналады. Когнитивтік лингвистиканың негізгі категориясы саналатын концептілер – түрлі аспектіден қарастыруды қажет ететін – тақырыптық аясы кең, этномәдени мазмұны терең, қамтитын мәселелері өте маңызды. Олай болса, тілді тек тілдік тұрғыдан ғана зерттемей, оны таным тұрғысынан да зерделеу, талдау, когнитивтік лингвистика шеңберінде қарастыру бүгінгі қазақ тіл білімінің жаңа бағыттарының бірі болып табылады. Ал концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін күрделі құрылым.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Кубрякова Е.С. Парадигмы научного знания в лингвистике и ее современный статус // Известия РАН СЛЯ. 1994. –Т.56.
- 2 Ислам А. Тіл мен ойлаудың екі жақты бірлігі танымдық ғылымында // Тілтаным. – Алматы, 2003. № 2. – 70-74 б.
- 3 Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшеліктері (М.Мақатаев поэзиясы бойынша). Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы: Аманат-ТТ, 2006. –125 б.
- 4 Елемесова Ш.М. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары (Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы бойынша). Филол.ғыл.канд.дисс. –Алматы, 2003. – 127 б.
- 5 Саткенова Ж.Б. Кейіпкер тілінің когнитивтік аспектісі (Б.Соқпақбаев шығармалары бойынша). Филол.ғыл.канд.дисс. – Алматы – 2005ж.
- 6 Огнева Е.А. Когнитивное моделирование концептосферы художественного текста. Монография. – М.: Эдитус, 2013. – 282 с.
- 7 Пименова М.В. Типы концептов и этапы концептуального исследования // Вестник КемГУ 2013 № 2 (54) – 131с.
- 8 Қошанова Ж.Т. Қазақ тіліндегі «Байлық-кедейлік» концептісі: танымдық сипаты мен қызметі. Автореферат канд.дисс. – Алматы, 2009.
- 9 Жампейісова Ж. «Ақ-қара» концепті: оппозициясы мен қызметі. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, – А., 2007. 25 б.
- 10 Арутюнова Н.Д. Образ/опыт концептуального анализа // Референция и проблемы текстообразования. – Москва, 1988. – 117-119 б.

Материал 15.03.2022 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Kybryakova, E.S. (1994) Paradigmy nauchnogo znaniya v lingvistike i ee sovremennyy status [Paradigms of modern knowledge in linguistics and its modern state]. *Izvestiya RAN SLYa*, 56.
- 2 İslam, A. (2003) Til men oilaydyň eki jaqty birligi tanymdyq ғылымynda [The two-sided unity of language and thought in cognitive science]. *Tiltanym*, 2.
- 3 Ämirbekova, A.B. (2006) *Konseptilik qūrylymdardyň poetikalyq мәtindegi verbalmany ereкшелikleri (M. Maqataev poeziacy бойынша)* [Features of verbalization of conceptual structures in the poetic text (in the poetry of M. Makataev)]. Philology Cand. Diss. Almaty: Amanat-TT.
- 4 Elemesova, Ş.M. (2003) *Körkem мәtindegi ұлттық мәдениеттің тildik relevantтары (Ğ. Mücirepovtiñ "Qazaq coldaty" romany бойынша)* [Linguistic relevances of national culture in the literary text (in G. Musrepov's novel "Kazakh Soldier")]. Philology Cand. Diss. Almaty.
- 5 Satkenova, J.B. (2005) *Keipker tiliniñ kognitivtik aspektici (B. Soqpaqbaev шығармалары бойынша)* [Cognitive aspects of the language of the protagonist (in the works of B. Sokpakbaev)]. Philology Cand. Diss. Almaty.
- 6 Ogneva, E.A. (2013) *Kognitivnoe modelirovanie kontseptosfery khudozhestvennogo teksta* [Cognitive modeling of the conceptual sphere of a literary text]. Moscow: Editus.
- 7 Pimenova, M.V. (2013) The types of concepts and the stages of conceptual structure analysis. *Vestnik KemGU – Bulletin of Kemerovo State University*, 2(54).
- 8 Qoşanova, J.T. (2009) *Qazaq tilindegi "Bailyq-kedeilik" konseptici: tanymdyq cipaty men qyzmeti* [The concept "Wealth and Poverty" in the Kazakh language: cognitive nature and function]. Abstract of Philology Cand. Diss. Almaty.
- 9 Jampeiisova, J. (2007) "Aq-qara" konsepti: opozisiyası men qyzmeti [The concept "black and white": opposition and function]. Abstract of Philology Cand. Diss. Almaty.
- 10 Arutyunova, N.D. (1988) *Obraz (opyt kontseptual'nogo analiza)* [Image (conceptual analysis experience)]. In: Arutyunova, N.D. (ed.) *Referentsiya i problemy tekstoobrazovaniya* [Reference and problems of text formation]. Moscow: Nauka.

Концепт – основная единица когнитивной лингвистики

Г.Ш. Шахманова

Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, г.Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

Статья посвящена результатам современных концептуальных исследований. В статье дано понятие концепта и его роль в лингвистических работах казахских ученых, а также проделан анализ различных концепций. Также в статье приводятся новые классификации концептов. Понятие концепта, считающегося одной из основных категорий когнитивного языкознания, было более изучено в современной науке казахского языка и даже приобрело новое содержание в области лингвистики.

Концепт – лингвистическая категория. Понятие «концепт» в современной лингвистике стало активно применяться в XX веке. Самые важные концепты отражены в языке. Концепт – идея, включающая абстрактные, конкретно-ассоциативные и эмоционально-оценочные признаки.

Материал поступил в редакцию журнала 15.03.2022

Concept as the basic unit of cognitive linguistics

G. Sh. Shakhmanova

Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

This article analyzes concept and its role in linguistics, the different analyses of concepts in works by Kazakh linguists and in general linguistics; reviews linguists' new classification of modern concepts depending on their types. The notion of concept, which is one of the main categories of cognitive linguistics, has been studied in depth in modern Kazakh linguistics, and even has acquired a new content in linguistics. Concept is a linguistic category. Considered as the main term of cognitive linguistics, the term concept, along with meaning, was used interchangeably with linguocultural terms. Researchers should first distinguish between the terms. Concept has been actively employed in modern linguistics since the twentieth century. Concept is an idea including abstract, real-associative and emotional-axiological features.

Key words: concept, cognitive linguistics, cognitive nature, research, conceptual bases, anthropological features.

Received: 15.03.2022